

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК



«Бекітемін»
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы РМҚК директоры
Т.ғ.д., проф. Ә.Мұқтар
_____ 2025 ж.

«Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы
ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)»
бағдарламасы бойынша
ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішіндегі №6 қазбаның
ҒЫЛЫМИ ЕСЕБІ

Сарайшық 2025

Жетекші: т.ғ.д., профессор У. Т. Ахметова

Орындаушылар: Ә. Мұқтар
У. Ахметова
А. Тұрарұлы
А. Жұмабаев
Ж. Байғалиев
Ж. Диярова

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе.....	4
№6 қазбадағы зерттеу жұмыстары.....	5
Қорытынды.....	28
Кесте А.1 - №6 археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлер тізімі.....	29
Кесте Ә.1 -№6 археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған тиындар тізімі.....	55

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023 – 2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII-XV ғғ.)» ғылыми жобасы бойынша қаржыландырылған ортағасырлық Сарайшық қаласында №6 археологиялық қазба орнында 2024-2025 жылдары зерттеу жұмыстары жүргізілді. 2025 жылғы қазба жұмыстары негізгі бөлігі зерттеу аймағының солтүстік-шығыс, оңтүстік-шығыс және сағана айналасында жалғасты.

Зерттеу мақсаты: қаланың әлеуметтік-экономикалық, архитектуралық және мәдени даму ерекшеліктерін айқындайтын деректерді жинақтау. Бұл бағытта сәулет құрылыстарының типологиясы, жоспарлану жүйесі мен құрылыс техникасын анықтау арқылы қала құрылысының тарихи кезеңдерін нақтылау көзделеді. Сонымен қатар археологиялық кешендерден табылған материалдық мәдениет үлгілері негізінде өңірдің Алтын Орда дәуіріндегі саяси, экономикалық және мәдени рөлі бағамдалып, Сарайшықтың халықаралық сауда жолдарындағы орны мен байланыстары археологиялық айғақтар арқылы негізделеді.

Зерттеу міндеті: Сағана, тұрғын үйлер, шаруашылық орындар мен қоғамдық ғимараттар сияқты сәулеттік нысандарды ашу;

- Қыш бұйымдар, металл, сүйек және әшекей бұйымдарын кешенді зерттеу арқылы қолөнер мен тұрмыстық мәдениеттің ерекшеліктерін сипаттау;
- Археологиялық олжаларды типологиялық, хронологиялық және функционалдық тұрғыдан сараптау;
- Жиналған материалдарды консервациялау, сақтау және жүйелеу;
- Қазба нәтижелерін ғылыми айналымға енгізіп, Сарайшық қаласының ролін айқындау.

Археологиялық қазба жұмыстары 2025 жылдың 14 маусымынан басталды. Зерттеу жұмыстарына Сарайшық ауылынан 30 – ға жуық жұмысшылар жұмылдырылды. Қазба жұмыстарына түркиялық ғалым, археолог, керамист Мухаррем Чекин, ресейлік ғалым, археолог В. Плахов және Анкара университетінің студенттері қатысты.